

### Список использованной литературы:

1. М. Р. Бобоев, Н. Т. Мамбеталиев, Н. Н. Тютюрюков. Налоговые системы зарубежных стран: Содружество независимых государств. М.: Гелиос АРВ, 2002. — 624 с.
2. Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» Алматы: БАСПА, 2001 г.
3. Официальный интернет-ресурс Министерства финансов РК <http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymouse>
4. Новостной портал InformБЮРО <https://informburo.kz/novosti/elektronnyy-koshelyok-s-avtomaticheskoy-oplatoy-nalogov-poyavitsya-v-kazahstane-s-nachala-2020-goda-99881.html>
5. Информационное агентство АгроИнфо <https://agroinfo.kz/elektronnyj-koshelyok-s-avtomaticheskoy-oplatoy-nalogov-zapustyat-v-kazahstane-v-2020-godu/>
6. Официальный интернет-портал Федеральной налоговой службы РФ [https://www.nalog.ru/rn77/news/activities\\_fts/9001983/](https://www.nalog.ru/rn77/news/activities_fts/9001983/)
7. Налоговый кодекс Республики Армения
8. Обзор основных изменений налогового законодательства государств-членов ЕАЭС за период 2017-2019 годы <http://www.eurasiancommission.org/ru/>
9. Группа Всемирного банка <https://www.vsemirnyjbank.org/ru/news/feature/2013/11/19/paying-taxes-2014-central-asia-and-eastern-europe>

### Онлайн сақтандыру

А.С. Исабекова<sup>1</sup>, А.Ж. Тиыштыкбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қаржы мамандығының 2 курс студенті

<sup>2</sup>Қаржы кафедрасының э.ғ.м., аға оқытушы

[issabekovaass@mail.ru](mailto:issabekovaass@mail.ru)

<sup>1,2</sup>академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ

Түйіндеме: мақаланы онлайн сақтандыру тақырыбына жазған себебім, қазіргі кезде көп адамдар онлайн қызметтерді таңдайды. Әрбір секунд сайын дүниежүзілік Интернет желісінде жүздеген мың пайдаланушы тіркеледі. Бүгінгі күні банк картасы болған жағдайда онлайн сауда-саттық жасайды, билеттерді броньдайды, коммуналдық қызметтерді, несиені төлейді, шоттарды толықтырады және т.б., бұл ерекше энергия шығынысыз көп уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Сол сияқты 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап электронды түрде сақтандыру полисін сақтандыру компанияларының сайттарында немесе мобильдік қосымшаларында онлайн режимде Интернет арқылы сатып алуға болады. ҚР Ұлттық Банкінің деректері бойынша 2018 жылдың 1 желтоқсанына Қазақстанда сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар 29 сақтандыру компаниясы жұмыс істейді.

Кілт сөздер: Онлайн сақтандыру, интернет ресурс, сақтандыру полисі, мобильдік қосымша, электронды полис.

Адамдардың өмірі, мүлкі, өндірістік, әлеуметтік, саяси және мәдени қызмет процесінде пайда болатын материалдық құндылықтар төтенше оқиғалар салдарынан (табиғат апаттары, авариялар, диверсиялар) толық немесе ішінара бүлінуі мүмкін, тұрақты түрде тәуекелге (қауіп - қатерге) тартылады. Әрбір адам мүлік иесі сақтандыруға мүдделі және сақтандыру оқиғасы болған кезде сақтандырылған болуды қалайды.

Сақтандыру – қандай да бір қолайсыз жағдайлар мен мән-жайлар туындаған кезде азаматтардың мүліктік мүдделерін қорғау жүйесі болып табылатыны туралы қосымша атап өткен жөн. Сақтандыру – электрондық болсын немесе қағаз түрінде болсын, түріне қарамастан, халықтың мүліктік мүдделерін әлеуметтік-экономикалық қорғауды қамтамасыз етудің ең ескі және тұрақты нысандары қатарына жатады.

Кейінгі кезде қаржы нарығы цифрландыру жүйесіне ене бастағаннан бастап, көптеген қызметтер онлайн жүргізіле бастады. Соның бірі-онлайн сақтандыру. Шетелдік сарапшылардың пікірінше, онлайн-сақтандыру сатудың басым арналарының бірі болуы мүмкін. Әлемдегі интернет-дүкендердің қарқынды дамуы өзінің мобильділік, жеделділік және қызмет көрсету сервисінің шарттарын күшпен таңады. Бұл жерде онлайн қызметтерді алудың артықшылықтары даусыз. Сақтандыру нарығында

онлайн қызмет көрсету мүмкіндігі көп уақытты үнемдеуге, сақтандырушының кеңсесіне бару және менеджерден кеңес алу немесе сақтандыру агентін шақыру бірнеше сағат, ал сайтта немесе мобильдік қосымшада сақтандыру шартын жасау бірнеше минут уақыт алуы мүмкін. Бұл ретте сайтта немесе ұялы қосымшада сақтандыру полисін алу үшін ешқандай құжаттар талап етілмейді – өзі туралы деректерді (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), ЖСН, телефон нөмірі және т.б.) дұрыс толтыру жеткілікті.

Онлайн сақтандырудың ҚР-да пайда болуы

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап сақтандыру ұйымдарының клиенттері интернет-ресурстарды пайдаланып, электронды нысанда сақтандыру шарттарын жасап, электронды нысанда сақтандыру полистерін ресімдей алатын болды. Электронды нысандағы шартты жасау мүмкіндігі міндетті және ерікті сақтандырудың барлық түрлері бойынша енгізілді.

Онлайн-сақтандыруды енгізумен міндетті сақтандыру шарттары бойынша қағаз полистер айналыстан шығарылады. Енді автокөлік иелеріне әкімшілік полиция қызметкерлеріне сақтандыру полистерін көрсетудің қажеті жоқ, себебі сақтандыру шартын жасау дерегі сақтандыру жөніндегі деректердің бірыңғай қорына сұрату жіберу арқылы тексерілетін болады.

Онлайн-сақтандыруды енгізу халық және бизнес үшін сақтандыру құнын азайтады, офиске бармастан немесе делдалдардың қатысуынсыз сақтандыру компанияларының интернет-ресурстары арқылы тікелей шарт жасауға, сондай-ақ сақтандыру төлемдерін алуды тездетуге мүмкіндік береді.

Онлайн сақтандыру қызметі

Сақтандыру компанияларының бірыңғай сақтандыру деректер қоры арқылы мемлекеттік деректер базалары мен ақпараттық жүйелердегі мәліметтерге қол жетімділігінің арқасында, сақтандыру компаниясының сайтында немесе мобильдік қосымшасында сіз толтыратын ақпараттың көп бөлігі тексеруден және верификациядан өтеді, соның салдарынан қателерді жіберу тәуекелі барынша азайтылады.

Сақтандыру полисін төлеу қолма-қол және қолма-қол емес жолмен жүргізілуі мүмкін, бұл ретте бүгінгі күні қолданыстағы көптеген төлем платформалары мен сервистерін ескере отырып төлем тәсілдерін таңдаумен әлеуетті сатып алушыда проблемалар туындамайды.

Сіз көрсеткен электрондық пошта мекенжайына (e-mail) немесе ұялы телефон нөміріне сақтандыру полисін төлеуді жүзеге асырғаннан кейін сақтандыру компаниясынан және бірыңғай сақтандыру дерекқорынан шарттың бірегей нөмірін көрсете отырып, сақтандыру шартын жасау туралы хабарлама жіберілуі тиіс. Кейіннен сақтандыру компаниясының сайтындағы сақтандыру шартының бірегей нөмірі немесе бірыңғай сақтандыру деректер қоры бойынша сіздің сақтандыру полисіңіздің дұрыстығын тексеруді жүзеге асыруға болады.

Осылайша, онлайн-сақтандыру нәтижесінде сақтандыру компаниясының бланкісінде қағаз сақтандыру полисі қажетсіз болады, ресімделген сақтандыру полистері бойынша барлық ақпарат сақтандыру компаниясының ақпараттық жүйесінде және бірыңғай сақтандыру деректер қорында сақталады. Бұл, мысалы, автокөлік құралдарының жүргізушілеріне жол полициясы қызметкерлеріне ұсыну үшін басып шығарылған сақтандыру полисін өзімен бірге алып жүрмеуге мүмкіндік береді, өйткені барлық ақпарат бірыңғай сақтандыру деректер қорына сұрау салу арқылы тексерілуі мүмкін.

Сондай-ақ, онлайн-сақтандыру бойынша сақтандыру компанияларының сервисі одан әрі сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) жасасу кезінде көрсетілген тіркелген телефон немесе e-mail нөмірі бойынша бұрын жасалған сақтандыру шартын өзгерту, қайта ресімдеу немесе мерзімінен бұрын бұзу мүмкіндігін береді. Бұдан басқа, сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру компаниясының сайты немесе мобильдік қосымшасы арқылы оған электрондық немесе сканерленген құжаттарды қоса отырып, сақтандыру төлемін алуға өтініш беру мүмкіндігі бар.

Онлайн-сақтандырудың артықшылықтары

1. сақтандыру полисін кез келген уақытта, тәулік бойы ресімдеуге болады
2. сақтандыру агентінің қызметін пайдалану қажеттілігі жойылады,
3. сақтандыру полистерінің бланкілерін қолдан жасау немесе жарамсыз бланкілерін беру бойынша алаяқтық іс-әрекеттер алдын алынады.
4. Сақтандыру қызметтерінің 24 сағат үздіксіз қолжетімділігі
5. 10%-ға дейін жеңілдік алу мүмкіндігі
6. Сақтандыру өнімдерін салыстыру мүмкіндігі
7. Полисті сатып алуға уақытты үнемдеу
8. Сақтандыру оқиғасын онлайн реттеу
9. Қолма-қол емес ақы төлеу мүмкіндігі
10. Полистерді жеке кабинет арқылы басқару

Кейбір міндетті сақтандыру түрлері бойынша жеңілдік мөлшері заңнамаға сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысы мөлшерінің 10%-ын құрауы мүмкін. Сақтандырудың ең жаппай түрі бойынша – көлік құралдарының иелерін міндетті сақтандыру бойынша, I және II топтағы мүгедектерге, ҰОС ардагерлері мен қатысушыларына және оларға теңестірілген тұлғаларға мүмкін болатын жеңілдіктерден басқа полис құнының 50% мөлшерінде міндетті түрде жеңілдік беріледі.

Онлайн сақтандыруға алғашқы күндерден бастап клиенттер жүгінуде. Бүгінгі таңда 500-ге жуық онлайн полистер жасалды. Оның жалпы сомасы 7 млн теңгені құрайды. Орташа бағасы 15 мың теңге. Көш бастап тұрған қалалар – Астана мен Алматы. Жалпы, еліміз бойынша жасалған онлайн полистердің 60 пайызы осы екі қалаға тиесілі.

Сақтандырудың бүгінгі таңда 4 класы бойынша онлайн сақтандыру жүзеге асырылады. Олар: автокөлік иелерінің міндетті сақтандыруы, экологиялық сақтандыру, тасымалдаушылардың жолаушылар алдындағы міндетті сақтандыруы және қауіпті нысандар иелерінің сақтандыруы.

Техникалық ахауларға байланысты қиындықтар туындауы мүмкін. Мәселен, тұтынушының жеңілдігі болатын болса, база оны растамаған жағдайда жеңілдігін алмауы мүмкін. Ондай жағдайда сайт клиентке ары қарай не істеу керек екенін айтады.

ҚР Ұлттық Банкі мен сақтандыру компаниялары әр түрлі қызметтерді жаппай цифрландыру дәуірінде онлайн-сақтандыру бойынша сервистің жаңа түрі біздің интернет-кеңістікте сұранысқа ие өнімдердің бірі болады деген пікірде, Жалпы алғанда, электронды полис өте тиімді. Ол тәулік бойы қолжетімді және тұтынушының уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді. Қазіргі жаңа заманда қаржылық цифрландыру қызметтеріне жүгіну, клиенттердің пайдасына түсері анық.

### Әдебиеттер тізімі

1. <https://www.nationalbank.kz/>
2. <https://egov.kz/>
3. <https://fingramota.kz>
4. Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 166-VI заңы
5. 2018 ж. 4 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінің №124 (29355) саны

### Қазақстандағы электронды сақтандыру

Н.Р. Ким<sup>1</sup>, И.Ж. Кулакаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қаржы кафедрасының аға оқытушысы, статистика магистрі

<sup>2</sup>Қаржы кафедрасының оқытушысы, экономика ғылымдарының магистрі

[Nata\\_kim79@mail.ru](mailto:Nata_kim79@mail.ru), [indi\\_kul@mail.ru](mailto:indi_kul@mail.ru)

<sup>1,2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Түйіндеме: бұл жұмыста 2019 жылдың 1 қаңтарында енгізілген онлайн – сақтандыру немесе электронды сақтандырудың қазіргі жағдайы зерттеледі. Сақтанушы мен сақтандырушыда кездесетін қазіргі кездегі мәселелері анықталып, олардың шешу жолдары қаралды. Интернет желісі көмегімен онлайн – сақтандыруды қолданудың пайдалы жақтарын, жүзеге асыру және төлем жасау тәсілдері көрсетіледі. Көршілес еліміз – Ресей Федерациясының сақтандыру саласындағы, әсіресе онлайн – сақтандырудың, және оны экономиканың заманауи тұрғысынан жаппай цифрлы дамуы қарастырылды. Қазақстандағы және шет елдердегі электронды сақтандырудың онлайн төлемін жүргізудің әдісін рәсімдеу қарастырылды. Жұмыстың негізі ретінде Ресей Федерациясының автоазаматтық жауапкершілігі электронды полисін міндетті сақтандыру тәжірибесі қарастырылды

Кілт сөздер: онлайн – сақтандыру, электронды сақтандыру, сақтандырудың біртұтас дерекқоры, сақтандыру полисі

Қазіргі әлемде Интернеттің көмегімен банктік карталар (қашықтан банктік қызмет көрсету) және ұялы телефондағы әртүрлі қосымшалар (мобильді банкинг) арқылы мыңдаған түрлі операциялар жасалады. Бұл жұмыстарды, қызметтерді ұсыну және сатып алу, коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, несие алу мен өтеу және басқаларын қамтиды. Сақтандыру нарығында да өзіндік ерекшелік болған жоқ.